

Балқаш ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы № 68-181 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылды 22 қазанда № 5717 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Балқаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және де материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 800 метр арақашықтықта айқындалсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының 14.03.2024 № 17-63 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының "Балқаш ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 3-20 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3838 тіркелген, 2016 жылдың 10 маусымында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Балқаш аудандық мәслихатының "Заңдылықты сақтау, құқықтық тәртіп және азаматтардың құқығын қорғау мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жуктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап құшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Балқаш аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Абдукулов

К. Омаров

Балқаш аудандық мәслихатының 2020

жылғы 14 қазандагы № 68-181

шешіміне 1-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

№	Елді мекен	Б е й б і т жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техни калық және ұйымдастырушылы қ қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Бақанас ауылы	"Балқаш аудандық дene шынықтыру және спорт белімі" мемлекеттік мекемесінің "Балқаш ауданының балалар мен жасөспірімдер спорта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің стадионы, Қ. Бәйшіков көшесі, 6	350 адам	- жарықтандыру; - электр қуат көзіне қосылу нұктесімен қамтамасыз ету; -бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.
2	Бақанас ауылы	Шеру мен демонстрация маршруты - Т. Даулетаев және Т. Рысқұлов көшелерінің қиылсысынан Т. Рысқұлов көшесінің бойымен Т. Рысқұлов және С. Сейфуллин көшелерінің қиылсына дейін, әрі қарай С. Сейфуллин көшесінің бойымен "Балқаш аудандық дene шынықтыру	300 адам	- маршрут бойындағы көшениң жарығы бар; -бейнебақылау және бейнетүсірілім

	және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Балқаш ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің стадионына дейін	камерасымен қамтамасыз ету.
--	---	--------------------------------

Балқаш аудандық мәслихатының 2020

жылғы 14 қазандағы № 68-

181 шешіміне 2-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Заңның 8-бабына сәйкес әзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар – Балқаш ауданының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мұдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Занды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде ұйымдастырушылар және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сақтау қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК